

Денисов ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 13 шілдедегі № 122 "Денисов ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Денисов ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 11 сәуірдегі № 88 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 14 сәуірде № 10422-10 болып тіркелді

Денисов ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Денисов ауданы әкімдігінің "Денисов ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстерін бекіту туралы" 2018 жылғы 13 шілдедегі № 122 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7991 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Денисов ауданы әкімдігінің тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы оның ресми жарияланғанынан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Денисов ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Р. Катпаев

Әкімдіктің

2025 жылғы 11 сәуірдегі

№ 88 қаулысына

қосымша

Әкімдіктің

2018 жылғы 13 шілдедегі

№ 122 қаулысына

қосымша

Денисов ауданының аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының атаулары мен индекстері

Р/с №	Автомобиль жолдарының индекстері	Автомобиль жолдарының атаулары

1	KP-DS-1	"Денисовка-Заәйт"
2	KP-DS-2	"Денисовка-Некрасов"
3	KP-DS-3	"Денисовка-станция Денисовка"
4	KP-DS-4	"Заәйт-Жалтыркөл"
5	KP-DS-5	"Заәйт-Әйт"
6	KP-DS-6	"Денисовка-Гришенка"
7	KP-DS-7	"Заәйт-Свердлов"
8	KP-DS-8	"Заәйт-Фрунзе"
9	KP-DS-9	"Денисовка-Алшан"
10	KP-DS-10	"Свердлов-Подгорное"
11	KP-DS-11	"Приреченка-Аршалы"
12	KP-DS-12	"Аршалы-Набережное"
13	KP-DS-14	"Перелески-Қырым"
14	KP-DS-15	"Денисовка-Покров"

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК